

Мемлекеттік қызметке қабылдау тәртібі

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметке қабылдау меритократия, ашықтық, әділдік қағидаттарына негізделеді. Үміткерлер конкурс арқылы іріктеледі және барлық кезеңдер заңнамада бекітілген талаптар бойынша жүргізіледі.

1. Мемлекеттік қызметке қабылдаудың негізгі кезеңдері

1) Мемлекеттік бос орын туралы хабарландыру

Барлық бос лауазымдар Еңбек - kz порталына орналастырылады.

Хабарландыруда: лауазым атауы, функционалдық міндеттері, талаптар, жалақы, конкурс кезеңдері көрсетіледі.

2) Құжаттарды қабылдау

Үміткерлер келесі негізгі құжаттарды жүктейді:

Жеке куәлік көшірмесі

Білімі туралы құжат

Еңбек өтілін растайтын құжаттар (болса)

Үміткердің мемлекеттік қызметке кіру туралы өтініші

Резюме, мотивациялық хат (лауазымға қарай)

3) Тестілеуге қатысу

Мемлекеттік қызметке кіруші заңнаманы білу тестін.

Жеке қасиеттерін бағалау тестін тапсырады.

Тестілеуден бұрын дайындық нұсқаулықтары беріледі.

4) Әңгімелесу кезеңі

Тестілеуден өткен үміткерді комиссия әңгімелесуге шақырады.

Әңгімелесу барысында:

кәсіби құзыреттер,

қызметтік жағдайларды шешу қабілеті,

мемлекеттік қызмет этикасы бойынша сұрақтар қойылады.

5) Конкурс комиссиясының шешімі

Комиссия ең жоғары нәтижесі бар үміткерді тандап, меритократия қағидаты негізінде қорытынды шығарады.

6) Қызметке орналастыру

Үміткер:

сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулермен танысады,

этика нормаларын сақтауға міндеттемелер қабылдайды,

қауіпсіздік тексерісінен өтеді (лауазымға байланысты),

қызметтік куәлік алады.

2. Мемлекеттік қызметке кірудің жалпы талаптары

Талап	Түсіндірме
Қазақстан Республикасының азаматы болуы	Міндетті
Біліктілік талаптарына сай келуі	Білім, жұмыс тәжірибесі, құзыреттер
Сотталмаған болуы	ҚР заңнамасына сәйкес
Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығы болмауы	Міндетті
Денсаулығы қызмет атқаруға жарамды болуы	Медициналық анықтама

3. Мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттары

Заңдылық

Ашықтық

Әділ іріктеу

Тең мүмкіндіктер

Мансаптық өсу (кадрлық резерв)

4. Мемлекеттік қызметке қабылдаудың артықшылықтары

Тұрақты жұмыс орны

Әлеуметтік кепілдіктер